Әділет

# "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 мамырда № 20637 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 19.07.2021 № 352 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 наурыздағы № 43 (1443) "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (Г. Көбенова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді; ;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрі* *А. Аймагамбетов*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 14 мамыры
№ 206 бұйрығына 1-қосымша

**Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған жеке тұлғалардың негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім туралы құжаттарын тану және нострификациялау тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім туралы құжаттарды нострификациялау – басқа мемлекеттерде халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім;

2) білім туралы құжаттарды тану – шетелдік білім беру біліктілігінің маңызын уәкілетті органның ресми растауы.

Білім туралы құжаттарды тану және (немесе) нострификациялау жеке адамдарға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қатысты жүзеге асырылады.

3. Білім туралы құжаттарды тану және (немесе) нострификациялау Қазақстан Республикасының аумағында заңды күші бар білім туралы құжаттарды тану және баламалылығын анықтау мәселелері бойынша халықаралық шарттарға ( бұдан әрі – өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттар), "Білім

туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және осы Қағидаларға сәйкес реттеледі.

4. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші қабылдайды.

5. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

## 1- тарау. Білім туралы құжаттарды тану және (немесе) нострификациялау тәртібі

### 1- параграф. Білім туралы құжаттарды тану тәртібі

6. "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – көрсетілетін мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті "электрондық үкімет" веб – порталы (бұдан әрі – портал ) арқылы немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жолдайды.

Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі енгізілген мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметін көрсетудің ерекшеліктері ескерілген басқа мәліметтер осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" стандартында берілген.

8. Білім туралы құжаттарды тану туралы куәлікті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды.

9. Заңдастырылған немесе апостильденген білім туралы құжатты тану туралы өтінішті қарау мерзімі:

- Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне және/немесе портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні, басқа өңірлер үшін – 30 (отыз) жұмыс күні.

Егер Білім туралы құжат заңдастырылмаған немесе апостиль қойылмаған жағдайда, онда мұндай өтініштерді қарау мерзімі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша және/немесе портал арқылы – 30 (отыз) жұмыс күнін, басқа өңірлер үшін – 45 ( қырық бес) жұмыс күнін почта жөнелтімдерін ескере отырып (білім туралы құжатты беру фактісін растауды алу уақытын және шетелдік білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып) құрайды.

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны жетекшілік ететін басшының орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың және деректердің (мәліметтердің) анық еместігі және сәйкес келмеуі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушы өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттар (келісімдер) қолдану аясына жататын білім туралы құжатты ұсынған жағдайда Көрсетілетін қызметті беруші бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы құжаттарды қайтару себебін көрсете отырып еркін түрдегі хабарлама жолдайды және ұсынылған құжаттарын қайтарады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) білім берудің барлық деңгейлеріндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – ҚР МЖМБС) талаптарына сәйкестігіне шетелдік білім туралы құжаттың баламалылығын анықтау бойынша сараптамалық бағалау жүргізеді.

Білім туралы құжатқа сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті беруші қажет болған жағдайда білім саласындағы мамандарды тартады. Білім туралы шетелдік құжаттың ҚР МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша сараптамалық бағалау жүргізу үшін білім беру ұйымдарының мамандарын – сыртқы сарапшыларды тарту қажет болған жағдайда сараптамалық бағалау 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

12. Сараптамалық бағалаудың мәні мен мазмұны:

1) егер білім туралы құжат заңдастырылмаған, апостильденбеген болса білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;

2) білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында оны беру сәтінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар екенін анықтау;

3) білім деңгейін және (немесе) біліктілігін бағалау;

4) оқу кезеңдерін бағалау;

5) оқу мерзімдері мен нысанын бағалау;

6) білім туралы құжаттың иесіне құжатты берген мемлекетте берілетін академиялық және/немесе кәсіби құқықтарының Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік үлгідегі тиісті білім туралы құжаттарға және (немесе) біліктілікке берілетін құқықтарымен теңдігін анықтау;

7) қосымша білімінің бар болуын анықтау (егерде білім деңгейлерінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында едәуір айырмашылық анықталған жағдайда);

8) практикалық дағдылары мен мамандық бойынша жұмыс тәжірибесінің бар болуын анықтау (егерде білім деңгейінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында едәуір айырмашылық анықталған жағдайда) болып табылады.

13. Егер сараптамалық бағалау кезінде білім деңгейлерінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында айтарлықтай айырмашылық анықталған жағдайда , қосымша оқығанын және білім алғанын растайтын құжаттар, оның ішінде көрсетілген мамандық бойынша 5 жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесінің бар болуы білім туралы құжаттың иегеріне айырмашылықтың орнын толтырады.

Егер құжат заңдастырылмаған немесе апостиль қойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтініш түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде білім туралы берілген құжаттар бойынша шетелдік деректер қоры арқылы білім туралы құжаттың берілу фактісін белгілейді.

Шетелдік деректер базасында құжат туралы мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері бір жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты беру фактісін және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын растауды алу мақсатында шетелдік білім беру ұйымына ресми сұрау салу жібереді.

Егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы 13 (он үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің ресми сұрау салуына жауап бермеген жағдайда, қайтадан сұрау салу жіберіледі және өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.

Өтініштерді қарау мерзімі ұзартылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі базасында ( бұдан әрі – ХҚО ЫАЖ) мерзімді ұзартады және көрсетілетін қызметті алушыға мерзімді ұзарту себебін көрсете отырып еркін нысанда хабарлама жолдайды.

Шетелдік білім беру ұйымынан білім туралы құжатты беру фактісі және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы бар екендігі туралы растауды алғаннан кейін ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес шетелдік білім туралы құжаттың баламалылығын анықтау бойынша сараптамалық бағалау жүргізеді.

Жүргізілген сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

- білім туралы құжатты тиісті деңгейлері/дәрежелері және дайындық бағыттары (мамандық, біліктілік, кәсіп) бойынша еңбек қызметін жүзеге асыру ұсынысымен тану туралы;
- білім туралы құжатты төменгі деңгейлері/дәрежелері бойынша еңбек қызметін іске асыру ұсынысымен тану туралы;
- білім туралы құжатты оқуды одан әрі жалғастыру ұсынысымен тану туралы.
- еркін нысанда дәлелді бас тарту туралы жауап.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің құжатты тану туралы шешімі негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік білім туралы құжатты тану туралы куәлік ресімделеді.

Білім туралы құжаттарды танудан бас тарту туралы шешім қабылданған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша еркін нысанда дәлелді бас тарту туралы жауапты жібереді.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

15. Тану туралы куәлік немесе еркін нысанда дәлелді бас тарту туралы жауап Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне немесе нотариалды расталған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

**2-параграф. Білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібі**

16. Білім туралы құжаттарды нострификациялау туралы куәлікті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды.

17. Білім туралы заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжаттарды нострификациялау туралы өтінішті қарау мерзімі:

Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне немесе портал арқылы жүгінген кезде-15 (он бес) жұмыс күні, басқа өңірлер үшін-30 (отыз) жұмыс күні почта жөнелтілімдерін есепке ала отырып.

Егер білім туралы құжат ресмилендірілмеген немесе апостиль қойылмаған жағдайда, онда мұндай өтініштерді қарау мерзімі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша және немесе портал арқылы - 30 (отыз) жұмыс күнін, басқа өңірлер үшін - 45 ( қырық бес) жұмыс күнін почта жөнелтімдерін ескере отырып (білім туралы құжатты беру фактісін растауды алу уақытын және шетелдік білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып) құрайды).

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны жетекшілік ететін басшының орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың және деректердің (мәліметтердің) анық еместігі және сәйкес келмеуі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

18. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері бес жұмыс күні ішінде білім туралы шетелдік құжаттың ҚР МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша сараптамалық қорытынды өткізеді.

Сараптамалық қорытындыны жүзеге асыру үшін қызмет беруші қажет болған жағдайда білім беру саласындағы мамандарды тартады.

Білім туралы шетелдік құжаттың ҚР МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша сараптамалық қорытынды жүргізу үшін білім беру

ұйымдарының мамандарын - сыртқы сарапшыларды тарту қажет болған жағдайда сараптамалық бағалау 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

19. Нострификациялау рәсімі:

1) егерде білім туралы құжат заңдастырылмаған немесе апостильденбеген болмаса білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;

2) білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында оны беру сәтінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар екенін анықтау;

3) шетелдік білім туралы құжаттың ҚР МЖМБС сәйкес деңгейлеріне баламалығын (сәйкестігін) анықтау кезеңдерінен тұрады.

20. Шетелдік білім туралы құжаттардың ҚР МЖМБС-ға баламалылығын ( сәйкестігін) анықтауды қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мамандарын жұмылдыра отырып көрсетілетін қызметті беруші іске асырады.

21. Негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттар бойынша сараптамалық қорытынды мынадай өлшемдердің қаралуы негізінде қабылданады :

1) оқу мерзімі;

2) оқытылған пәндер тізбесі.

22. Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім туралы құжаттар бойынша сараптамалық қорытынды мынадай өлшемдердің қаралуы негізінде қабылданады:

1) оқу мерзімі;

2) оқылған курстар, пәндер, сабақбар тізбесі және көлемі;

3) практиканың бар болуы (бар болған жағдайда);

4) қорытынды аттестаттаудың бар болуы және оның деңгейі (бар болған жағдайда);

5) оқу бітіргендегі біліктілік жұмысының бар болуы (бар болған жағдайда);

6) оқу нысаны;

7) қосымша білімінің бар болуы (егерде оқу нысаны мен мерзімінде, оқылған курстар, пәндер, сабақтар тізбесі мен көлемінде едәуір айырмашылық анықталған жағдайда);

8) кадрларды даярлау бағыты немесе біліктілік бойынша практикалық дағдылары мен жұмыс тәжірибесінің бар болуы (егер оқу нысаны мен мерзімінде , оқылған курстар, пәндер, сабақтар тізбесі мен көлемінде айтарлықтай айырмашылық анықталған жағдайда);

Алынған білім мен тәжірибе оқу жоспарлары мен оқу әдістемелеріндегі ықтимал айырмашылықтарды тану арқылы қорытынды дайындық тұрғысынан бағаланады.

23. Егер білім туралы құжатқа сараптама жүргізу кезінде оқылған базалық және бейінді пәндер тізбесінде және көлемінде, оқу мерзімдері мен нысанында едәуір айырмашылық анықталған жағдайда, қосымша оқып білім алғанын, оның ішінде кадрларды даярлау бағыты немесе біліктілік бойынша 5 жылдан астам практикалық дағдылары мен жұмыс тәжірибесі туралы растайтын құжаттар білім туралы құжаттың иегеріне айырмашылықтың орнын толтырады.

24. Егер шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжатта көрсетілген біліктілік Қазақстан Республикасының білім деңгейлері бойынша кадрларды даярлау бағыты немесе біліктілік жіктеуішінде болмаған жағдайда білім мазмұнына сәйкестігін белгілеу кадрларды даярлау бағыты немесе біліктілігі бойынша жүргізіледі.

Егер құжат заңдастырылмаған немесе апостиль қойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтініш түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде білім туралы берілген құжаттар бойынша шетелдік деректер қоры арқылы білім туралы құжаттың берілу фактісін белгілейді.

Шетелдік деректер базасында құжат туралы мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері бір жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты беру фактісін және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын растауды алу мақсатында шетелдік білім беру ұйымына ресми сұрау салу жібереді.

Егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы 13 (он үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің ресми сұрау салуына жауап бермеген жағдайда, қайтадан сұрау салу жіберіледі және өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.

Өтініштерді қарау мерзімі ұзартылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ХҚО ЫАЖ-да мерзімді ұзартады және көрсетілетін қызметті алушыға мерзімді ұзарту себебін көрсете отырып еркін нысанда хабарлама жолдайды.

Шетелдік білім беру ұйымынан білім туралы құжатты беру фактісі және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы бар екендігі туралы растауды алғаннан кейін ҚР МЖБС талаптарына сәйкес шетелдік білім туралы құжаттың баламалылығын анықтау бойынша сараптамалық бағалау жүргізеді.

25. Білім туралы құжаттың баламалылығын анықтау бойынша өткізілген сараптама нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

- білім туралы құжатты білім берудің тиісті деңгейлері/дәрежелері және кадрлар дайындау бағыттары (мамандық, біліктілік, кәсіп) бойынша еңбек қызметін жүзеге асыру ұсынысымен нострификациялау туралы;

- білім туралы құжатты төменгі деңгейлері/дәрежелері бойынша еңбек қызметін іске асыру ұсынысымен нострификациялау туралы;

- білім туралы құжатты оқуды одан әрі жалғастыру ұсынысымен нострификациялау туралы;

- еркін нысанда дәлелді бас тарту туралы жауап.

26. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде құжатты нострификациялау туралы екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша куәлік ресімделеді.

Білім туралы құжатты нострификациялаудан бас тарту туралы шешім қабылданған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша еркін нысанда дәлелді бас тарту туралы жауапты жібереді.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне", көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

27. Нострификациялау туралы куәлік Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне немесе нотариалды расталған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

## 3-тарау. Тану немесе нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасын беру тәртібі

28. Егер өтініш берушінің тегі, аты әкесінің атын (бар болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау куәлігін жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда, тану және нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасы (бұдан әрі – телнұсқа) беріледі.

29. Телнұсқаны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды.

30. Берілген куәлік бланкісінің оң жақ жоғары бұрышына "Дубликат" деген жазу жазылады.

31. Білім туралы құжатты тану және нострификациялау туралы куәліктің телнұсқаны беру туралы өтінішті қарау мерзімі:

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне немесе портал арқылы жүгінген кезде – 7 (жеті) жұмыс күні, басқа өңірлер үшін-21 ( жиырма бір) жұмыс күні.

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және білім туралы құжатты тану/нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасын беру және ресімдеу фактісін тексеру үшін жауапты орындаушыны белгілейтін көрсетілетін қызметті беруші басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасының толықтығын тексереді және өтінішті екі жұмыс күні ішінде қабылдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану/нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру фактісін растайды және ресімдейді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы білім туралы құжатты тану/нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасына немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды бір жұмыс күні ішінде;

5) көрсетілетін қызметті беруші білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізеді;

6) мемлекеттік корпорация білім туралы құжатты тану/нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті алушыға немесе нотариаттық куәландырылған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға береді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

32. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Білім туралы құжаттарды тану<br>және нострификациялау"<br>қағидаларына<br>1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы<br>Білім және ғылым<br>министрлігінің "Болон процесі<br>және академиялық ұтқырлық<br>орталығы" шаруашылық жүргізу<br>құқығындағы республикалық<br>мемлекеттік кәсіпорны

___________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты<br>(бар болған жағдайда)*

___________________________

___________________________

Азаматтығы: *_______________

___________________________

Жеке басын растайтын құжаты<br>(паспорт/жеке куәлік):<br>*___________________________

___________________________

(нөмірі, сериясы, күні және<br>кім бергені)

___________________________

___________________________

Тұрғылықты мекен жайы: _____

___________________________

(ел, облыс, қала, аудан, көше<br>атауы, үй және пәтер нөмрі)

___________________________

Байланыс деректері* _________

___________________________

(ұялы, жұмыс/үй телефондары,<br>электрондық пошта адресі)

____________________________
____________________________
Жұмыс немесе оқу орны:* _____
____________________________

**Өтініш**

Сізден* ____________________________________________________________________________

(тану немесе нострификациялау)
Мақсат* ___________________________________________________________________________

(жұмысқа орналасу, оқуды жалғастыру)
_____________________________________________________________________________________

Білім туралы құжаттың түрі, сериясы және нөмірі* _______________________________________

_____________________________________________________________________________________

(диплом, аттестат, куәлік, сертификат)
__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

Кім берген* _______________________________________________________________________

(білім беру ұйымының, елдің толық атауы)
Мамандық/бағыты бойынша*__________________________________________________________

(толық атауы)
Берілген біліктілік/ дәреже* ________________________________________________________

(толық атауы)
__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы үшін "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" көрсетілетін мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес толық жауап беремін.

"___" ___________ 20___жыл ______________________________

(жеке қолы)

*- толтырылуы міндетті.

"Білім туралы құжаттарды тану
және нострификациялау"
қағидаларына 2-қосымша

| "Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау" мемлекеттік қызмет стандарты | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Болон процесі және академиял орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі | Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижел<br>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционе<br>бұдан әрі – Мемлекеттік ко<br>2) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі | Білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы көрсетілетін мемлекеттік қызм мерзімдері (егер білім туралы құжат құжатты берген елде заңдастырылған немесе апостиль<br>- Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін – 15 (он бес)<br>- басқа өңірлердің Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін – 30 (отыз) жұмыс күн<br>құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне<br>- порталға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күнін<br>Ресми құжаттарды заңдастырудың күшін жоюды көздейтін халықаралық шартқа (келісім<br>елде берілген білім туралы құжаттарды қарау<br>- Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін – 30 (отыз)<br>- басқа өңірлердің Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін – 45 (қырық бес) жұмыс күнін<br>қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне<br>- порталға жүгінген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнін<br>Егер Білім туралы құжат заңдастырылмаған немесе апостиль қойылмаған жағдайда ,<br>өтініштерді қарау мерзімі Білім туралы құжатты беру фактілерін Растауды алу уақытын ж<br>білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын ескере отыр<br>жұмыс күнін қ<br>Бастапқы сұрау салуға құжат беру фактілерін растау және шетелдік білім беру ұйымын<br>қызметін жүзеге асыру құқығының болуы туралы жауап болмаған жағдайда қайтадан<br>жіберіледі және білім туралы құжаттарды тану туралы өтінішті қарау мерзімі 10 (он) ж<br>ұзартылады.<br>Білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктің телнұсқасын алу<br>қарау ме<br>- Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін-7 (жеті) жұм<br>– басқа өңірлердің Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін-пошта жөнелтілімдерін ескер<br>жиырма бір) жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзім<br>Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік к<br>мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуд<br>етеді. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Қағаз және (немесе) электронды түрінде (жартылай автоматтандырылған) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі | 1) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген<br>- осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес білім туралы құжаттарды тану немесе осы Қағидалар 8-қосымшаларына сәйкес білім туралы құжаттарды нострификациялау тур<br>- осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау т телнұсқасы;<br>осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер және жағдайлар бойынша мемлекет көрсетуден бас тарту туралы<br>2) порталға жүгінген<br>- осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес білім туралы құжаттарды тану немесе осы Қағидалар 8-қосымшаларына сәйкес білім туралы құжаттарды нострификациялау туралы куәліктің нысаны;<br>осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер және жағдайлар бойынша мемлекет көрсетуден бас тарту туралы<br>Көрсетілетін қызметті алушы куәлікті қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда мемле көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетіле берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен куә.<br>Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының электронд қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанынд<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру<br>- көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беру мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіл алушының немесе оның өкілінің жеке куәлігін көрсеткен кезде жүзеге<br>- Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қо электрондық құжат нысанында жіберіледі және<br>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мерзімінде талап етілмеген сақтау ш<br>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің н жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға де орны бойынша сақтауды қамтамасыз<br>Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді, одан одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге<br>Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпора салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттард қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды |
| 6 | Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері | (see table below)<br>Мемлекеттік қызметті көрсету құнын "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурызда Республикасының Заңының 146 бабына сәйкес айқындалып Мемлекеттік көрсетілетін қызме қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк опера жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. |
| | | 1) Мемлекеттік корп<br>- Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбі аралығынд жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.0 |

| № п/п | Қызмет атауы | 1 бірліктің бағасы айл көрсеткіш мөлшерінде (АЕ |
|---|---|---|
| 1 | Негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау | 6 АЕК |
| 2 | Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау | 8 АЕК |
| 3 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау | 10 АЕК |
| 4 | Білім туралы құжаттарды мойындау туралы куәліктің көшірмесін жасау/қалпына келтіру | 3 АЕК |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмыс кестесі: | Қабылдау "электронды" кезек тәртібімен, жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызме<br>таңдауы бойынша жүзеге асырылады, портал арқылы кезекті броньдау<br>2 ) П о р т<br>- құжаттарды қабылдау жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілісті есептемегенд<br>жүзеге асады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне с<br>уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қ<br>мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге ас |
